

АННОТАЦИЯ

**Найзабеков Аян Сериковичтың докторлық диссертациясына
Тақырыбы: «Әлеуметтік-мәдени факторлар призмасы арқылы
Қазақстанның көркем фильм режиссурасындағы кинотіл
трансформациясы» Білім беру бағдарламасы:
8D02184 – Кино және ТВ режиссурасы**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Қазақстанның көркем киносы ХХІ ғасырда әлеуметтік-мәдени, технологиялық, кәсіби және институционалдық ортаның қарқынды трансформациясы жағдайында дамып келеді. Қазіргі кинопроцесс дәстүрлі өндіріс пен прокат нысандарымен ғана шектелмейді, өйткені оған цифрландыру, көрермендік тәжірибелердің өзгеруі, платформалық медиаортаның кеңеюі, халықаралық фестивальдік интеграция, жеке продюсерлік сектордың дамуы және киноны мемлекеттік қолдау тетіктерінің жаңаруы бір мезгілде ықпал етеді. Нәтижесінде қазақстандық фильмдердің тақырыптық аясы ғана емес, экрандық айтылым жүйесінің өзі де өзгереді: нарративтік ұйымдасу, визуалды-кеңістіктік композиция, монтаждық ырғақ, дыбыстық драматургия, кейіпкер типі, қақтығыс құрылымы және әлеуметтік шындықты репрезентациялау тәсілдері жаңаша сипат алады.

Осы жағдайда Қазақстанның қазіргі көркем киносының кинотілі кинематограф тарихи жадыны, мәдени сабақтастықты, әлеуметтік қайшылықтарды, урбандалу үдерістерін, буынаралық өзгерістерді және ұлттық бірегейлік туралы түсініктердің өзгеруін пайымдайтын көркем-коммуникативтік жүйе ретінде ерекше мәнге ие болады.

Кинотіл режиссерлік мәнерлі тәсілдердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар экрандық туындыға қоғам бейнесін қалыптастыруға, оның құндылық бағдарларын айқындауға және өткенді, бүгінді, болашақты түсіндіру үлгілерін ұсынуға мүмкіндік беретін мағына тудыру механизмі ретінде көрінеді.

Зерттеудің ерекше өзектілігі қазіргі кезеңдегі қазақстандық киноның бірнеше әртүрлі бағыттағы үрдістердің өзара ықпалдасу жағдайында қалыптасуымен айқындалады. Бір жағынан, ұлттық-мәдени кодтарды сақтау, тарихи жадыға, дәстүрге, фольклорлық бейнелілікке және жергілікті әлеуметтік-мәдени проблематикаға жүгіну қажеттілігі күшейеді. Екінші жағынан, отандық кинематограф жаһандық көркемдік, жанрлық және өндірістік үдерістерге белсенді түрде қосылып, халықаралық фестивальдік тәжірибелерге, бұқаралық нарыққа, цифрлық аудиторияға және экрандық баяндаудың трансұлттық формаларына бағдарланады. Бұл ұлттық бірегейлік тек сюжет пен тақырып арқылы ғана емес, сонымен бірге режиссерлік мәнерлі шешімдер арқылы да репрезентацияланатын күрделі өріс қалыптастырады: кадр композициясы, темпоритм, кеңістікпен, жарықпен, түспен, дыбыспен, монтажбен және кейіпкердің тәндік болмысымен жұмыс істеу тәсілдері арқылы көрініс табады.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі қазақ киносының кинотілдік трансформациясының әлеуметтік-мәдени, кәсіби, технологиялық және нормативтік-құқықтық факторлармен жүйелі байланыста жеткілікті зерттелмеуімен де анықталады. Қолданыстағы зерттеулерде қазақ кинематографының тарихына, ұлттық бірегейлік мәселелеріне, экрандық бейнелілікке, визуалды мәдениетке және киноиндустрияның институционалдық дамуына елеулі назар аударылады. Сонымен бірге Қазақстанның қазіргі көркем киносының режиссерлік мәнерлі стратегияларында көрініс табатын кинотіл трансформациясын тұтас үдеріс ретінде арнайы кешенді талдау қажеттілігі сақталып отыр.

Зерттеу объектісі

Зерттеу объектісі – режиссерлік мәнерлі шешімдерде жүзеге асатын көркем-коммуникативтік жүйе ретіндегі Қазақстанның қазіргі көркем киносының кинотілі.

Зерттеу пәні

Зерттеу пәні – Қазақстанның қазіргі көркем киносының режиссерлік мәнерлі шешімдеріндегі кинотіл трансформациясы, оның ішінде әлеуметтік-мәдени, технологиялық, кәсіби және нормативтік-құқықтық факторлардың ықпалымен өзгертін нарративтік, визуалды-кеңістіктік, темпоритмдік және монтаждық-дыбыстық параметрлер.

Зерттеу мақсаты

Зерттеу мақсаты – Қазақстанның қазіргі көркем киносының режиссерлік мәнерлі шешімдеріндегі кинотіл трансформациясының заңдылықтарын анықтау және әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ қазіргі медиаорта жағдайында оның одан әрі даму перспективаларының моделін әзірлеу.

Зерттеу міндеттері

- Көркем кино кинотілін пайымдаудың теориялық тәсілдерін жүйелеу және оны көпдеңгейлі көркем-коммуникативтік жүйе ретінде түсіндіруді нақтылау.
- Кинотілдің ұлттық бірегейлікті репрезентациялау механизмі ретіндегі ерекшелігін анықтау және оның экрандық көрінісінің әлеуметтік-мәдени детерминанттарын белгілеу.
- Қазақстанның қазіргі көркем киносы кинотілінің трансформация заңдылықтарын анықтау және оның кезеңделуін негіздеу.
- Кинотілдік трансформацияларға семиотикалық-герменевтикалық талдау жүргізу және осы негізде режиссерлік мәнерлі шешімдердің типологиясын әзірлеу.
- Қазақстанның қазіргі көркем киносы кинотілінің трансформациясына ықпал ететін кәсіби және нормативтік-құқықтық факторларды талдау.
- Кинотіл трансформациясы жағдайында Қазақстанның қазіргі көркем киносының даму перспективаларының моделін әзірлеу және жаңа режиссерлік мәнерлі стратегиялардың тұрақты түрде қайта өндірілу шарттарын анықтау.

Зерттеу тақырыбының зерттелу деңгейі

Кинотіл проблематикасы классикалық және қазіргі кино теориясында кеңінен қарастырылған. Кинотілді зерттеудің теориялық негіздері С. Эйзенштейн, Л. Кулешов, В. Пудовкин, Д. Вертов, Б. Балаш, Г. Козинцев, А. Базен, З. Кракауэр, М. Мартен, Ж. Садуль, Ю. Тынянов, В. Нильсен, К. Разлогов, С. Фрейлих және басқа зерттеушілердің еңбектерінде қаланды. Бұл еңбектерде монтаж, кадр, композиция, экрандық бейнелілік, фотогения, киноның реалистік табиғаты және кинематографиялық ойлаудың ерекшелігі талданады.

Осы зерттеу үшін С. Эйзенштейннің еңбектері ерекше мәнге ие, онда кинотіл монтаж, ырғақ, пластикалық композиция және фильмнің бейнелік құрылымы өзара әрекеттесетін режиссерлік мағына тудыру формасы ретінде пайымдалады. Сондай-ақ фильмді визуалды, дыбыстық, баяндау және мәдени кодтар жүйесімен ұйымдастырылған көпдеңгейлі мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін Ю. Лотман тұжырымдамасы маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Семиотикалық және құрылымдық аспектіде зерттеу У. Эко, К. Метц, Ж. Митри, Ж. Омон, М. Мари, Д. Бордуэлл, К. Томпсон, Д. Смит, Д. Монако, Р. Стэм және Д. Эндрю еңбектеріне сүйенеді. Бұл еңбектерде кино белгілердің, нарративтік модельдердің, көрермен қабылдауының және көркемдік конвенциялардың күрделі жүйесі ретінде қарастырылады.

Кинотілдің визуалды табиғатын талдау үшін Р. Арнхейм, В. Беньямин, У. Дж. Т. Митчелл, Дж. Бергер, Р. Барт, С. Зонтаг, Г. Кресс және Т. ван Левен зерттеулері маңызды. Бұл еңбектерде бейне ойлау, репрезентация және мәдени кодтау формасы ретінде қарастырылады. Кинотілдің дыбыстық компонентін зерттеуде М. Шион тұжырымдамасы маңызды, ол дыбысты фильмнің көмекші элементі ретінде емес, экрандық мағынаны қалыптастырудың белсенді қатысушысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Тәндік болмыс, көрермен тәжірибесі және қабылдау феноменологиясын пайымдауда В. Собчак, Т. Эльзессер және М. Хагенер еңбектері мәнді болып табылады.

Экрандықтың трансформациясы және медиаортаның өзгеруі контекстінде Ж. Делез, Л. Манович, Дж. Д. Болтер, Р. Грузин, М. Маклюэн және П. Вирилио еңбектері ерекше мәнге ие. Бұл зерттеулерде кинематограф визуалды ойлау режимдерінің, цифрландырудың, ремедиацияның, медиатеchnологиялық ортаның және экрандық қабылдаудың жаңа формаларының өзгеруімен байланыста қарастырылады. Бұл теориялық блок қазіргі кинотілді статикалық тәсілдер жүйесі ретінде емес, технологиялық, эстетикалық және коммуникациялық үдерістердің ықпалымен өзгертін динамикалық құрылым ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Ұлттық кино және бірегейлікті репрезентациялау мәселесі С. Холл, Б. Андерсон, Х. Бхабха, Э. Саид, Э. Хигсон, Э. Шохат және Р. Стэм еңбектерінде қарастырылған. Бұл авторлар ұлттық кинематографты белгілі бір мемлекет шегінде өндірілген фильмдер жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен бірге қауымдастықты, мәдени жадыны, «өзінікін» және «өзгені» символдық құрастыру кеңістігі, сондай-ақ жергілікті және жаһандық мағыналардың өзара әрекеттесу өрісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ киносының тарихы мен ерекшелігі К. Сиранов, Р. Абдухатова, Р. Оспанова, И. Смаилова, Б. Ногербек, Г. Абикеева, Г. Наурызбекова және Н. Мукушева еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл еңбектерде ұлттық кинематографтың қалыптасу кезеңдері, кеңестік және посткеңестік кинопроцестің ерекшеліктері, экрандық бейнеліліктің тарихи-мәдени контекспен, фольклорлық дәстүрмен, ұлттық эстетикамен және көркемдік жадымен байланысы қарастырылады. Б. Ногербектің еңбектері ерекше маңызды, онда қазақ киносындағы экрандық-фольклорлық дәстүрлердің, мифопоэтикалық құрылымдардың және ұлттық бейнеліліктің мәні ашылады. Сондай-ақ Г. Абикееваның Орталық Азия киносына, тәуелсіз Қазақстан кинематографына және ұлттық құрылыс үдерістерінің экрандық мәдениетте бейнеленуіне арналған зерттеулері маңызды.

Қазіргі қазақстандық кино Г. Абикеева мен А. Сабитова, С. Баймуханова, А. Костылев, И. Смайлова, А. Айдар және бірлескен авторлар, Б. Кылышбаева мен О. Борецкий, А. Машурова, Н. Мукилбаев, М. Бакеева және Ж. Пошанов еңбектерінде зерттеледі. Бұл зерттеулерде қазақ киносының визуалды тілі, қоғам бейнесінің трансформациясы, кинематограф айнасындағы әлеуметтік-мәдени шындық, әйел бейнелері, тарихи жады, фильмнің кеңістіктік-уақыттық ұйымдасуы, көрермендік тәжірибелер және ұлттық киноның қазіргі мәдени ортадағы орны талданады.

Қазақ киносына арналған шетелдік зерттеулер Р. Айзекс, А. Камза және А. Зафар еңбектерімен ұсынылған. Бұл еңбектерде қазақстандық кинематограф мәдени мұра тарихы, ұлттық бірегейлік, институционалдық жағдайлар, нарықтық факторлар және шығармашылық динамика тұрғысынан қарастырылады. Зерттеулердің елеулі көлеміне қарамастан, Қазақстанның қазіргі көркем киносының кинотіл трансформациясын режиссерлік мәнерлі шешімдермен, әлеуметтік-мәдени динамикамен, кәсіби ортамен, цифрландырумен және киноиндустрия дамуының нормативтік-құқықтық жағдайларымен бір мезгілде байланысты тұтас үдеріс ретінде қарастыратын еңбектер жеткіліксіз.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері

Диссертацияның әдіснамалық негізін семиотикалық, герменевтикалық, тарихи-мәдени, салыстырмалы-салғастырмалы және нормативтік-құқықтық тәсілдер құрайды. Олардың үйлесімі кинотілді құрылымдық көркем-коммуникативтік жүйе ретінде, ал фильмді нарративтік, визуалды, дыбыстық және ырғақтық шешімдер мағына тудырушы құрылымдар ретінде әрекет ететін күрделі мәдени мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу үшін кинотілді әлеуметтік-мәдени динамикамен, кәсіби ортамен және көркем кинематографтың қызмет етуінің институционалдық жағдайларымен өзара байланыста қарастыру принципті мәнге ие.

Жүйелі және тарихи-мәдени талдау кинотіл эволюциясының кезеңдерін және оның өзгеруінің әлеуметтік-мәдени контекстерін анықтау үшін қолданылады. Бұл әдіс кинотіл трансформациясын жекелеген тәсілдердің жиынтығы ретінде емес, қоғамдық сұраныстардың, ұлттық бірегейлікті репрезентациялау модельдерінің, көрермендік қабылдау

формаларының және киноөндіріс жағдайларының өзгеруімен байланысты заңды үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-салғастырмалы талдау әлемдік және ұлттық кинематографтағы кинотілдік шешімдердің ұқсастықтарын, айырмашылықтарын және тұрақты үрдістерін анықтау үшін пайдаланылады. Ол қазақстандық киноның жаһандық эстетикалық, жанрлық және технологиялық үдерістермен қалай сабақтасатынын, сондай-ақ қандай мәнерлі стратегиялар жергілікті мәдени ерекшелікті сақтайтынын айқындауға мүмкіндік береді.

Фильмді семиотикалық-герменевтикалық талдау әдісі визуалды, дыбыстық және нарративтік кодтар арқылы мағыналарды олардың мәдени-тарихи контекстінде интерпретациялау үшін қолданылады. Бұл әдіс экрандық туынды ұлттық бірегейлік, әлеуметтік шындық, тарихи жады және қазіргі адам бейнесін құрастыратын кинотілдің терең құрылымдарын анықтауды қамтамасыз етеді.

Режиссерлік мәнерлі шешімдерді сапалық құрылымдық-функционалды талдау мизансценаны, кадр ішіндегі әрекетті ұйымдастыруды, визуалды-кеңістіктік композицияны, темпоритмді, монтаждық-дыбыстық құрылымды және экрандық айтылымның қайталанатын модельдерін зерттеуге бағытталған. Ол Қазақстанның қазіргі көркем киносы кинотілінің трансформациясын қалыптастыратын режиссерлік шешімдердің тұрақты типтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Нормативтік-құқықтық талдау заңнаманың, мемлекеттік қолдау тетіктерінің және институционалдық ортаның ұлттық кино кинотілінің қалыптасуы мен трансформациялану жағдайларына ықпалын бағалау үшін пайдаланылады. Бұл әдіс көркемдік үдерістер мен кинематографияны реттеу жүйесі арасындағы байланысты, оның ішінде мемлекеттік қолдауды, ұлттық фильм мәртебесін, кәсіби инфрақұрылымды және мәдени саясатты ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын 2001–2024 жж. кезеңінде өндірістің әртүрлі институционалдық жағдайлары мен кинотілдік стратегиялардың түрлі модельдерін көрсететін қазақстандық өндірістегі 16 толықметражды көркем фильмнен тұратын репрезентативтік іріктеме құрайды. Осы кезең ішінде үш кезең бөлініп көрсетілді: 2001–2010 жж. – институционалдық тұрақтану және посткеңестік мәдени рефлексия кезеңі; 2011–2018 жж. – жанрлық әртараптану және фестивальдік интеграцияның күшею кезеңі; 2019–2024 жж. – цифрландыру, платформалық дистрибуция және кинотілдің гибридтенуі кезеңі. Қосымша ретінде зерттеу материалына 2018–2024 жж. платформалық дистрибуция дәуіріндегі жекелеген сериалдық жобалар енгізілді, олар көмекші талдамалық материал ретінде қарастырылады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы

- Диссертацияның ғылыми жаңалығы Қазақстанның қазіргі көркем киносы кинотілінің трансформациясын әлеуметтік-мәдени, технологиялық және институционалдық-нормативтік факторлардың өзара әрекеттесуімен

шартталған жүйелі үдеріс ретінде кешенді әдіснамалық негіздеумен және эмпирикалық верификациялаумен айқындалады.

- Көркем кино кинотілін операцияландыруға және құрылымдық талдауға келетін, ішкі ұйымдасуы әлеуметтік-мәдени және институционалдық факторлармен шартталған және жаһандану жағдайында трансформацияланатын көпдеңгейлі көркем-коммуникативтік жүйе ретінде түсіну нақтыланды.

- Кинотілдің ұлттық бірегейлікті репрезентациялау механизмі ретіндегі ерекшелігі анықталып, оның экрандық көрінісінің әлеуметтік-мәдени детерминанттары белгіленді, осының негізінде кинотілдің әлеуметтік-мәдени детерминациясының тұрақты формаларын көрсететін бірегейлікті репрезентациялаудың типологиялық модельдері айқындалды.

- Қазақстанның қазіргі көркем киносы кинотілінің трансформация заңдылықтары анықталып, оның әлеуметтік-мәдени, технологиялық және институционалдық факторлардың ықпалымен кинотіл құрылымының жүйелі өзгеруін көрсететін үш кезендік периодизациясы негізделді.

- Семиотикалық-герменевтикалық талдау негізінде қазіргі Қазақстан көркем киносындағы кинотілдің семиотикалық ұйымдасуының тұрақты модельдерін көрсететін режиссерлік мәнерлі шешімдердің типологиясы әзірленді.

- Қазақстанның қазіргі көркем киносы кинотілінің трансформациясындағы кәсіби және нормативтік-құқықтық факторлардың рөлі анықталды, бұл жағдайда институционалдық орта кинотілдік шешімдердің мәдени іріктелуі мен қайта өндірілуінің механизмі ретінде көрінеді.

- Кинотілдің тұрақты трансформациясының институционалдық-реттеушілік, кәсіби-өндірістік, индустриялық-дистрибуциялық және мәдени-интерпретациялық контурларын келісімді дамытуға негізделген Қазақстанның киносының даму перспективаларының моделі ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

- Көркем киноның кинотілі семиотикалық, герменевтикалық және әлеуметтік-мәдени тәсілдерді ұштастыруды талап ететін көпдеңгейлі көркем-коммуникативтік жүйе болып табылады. Ол мағына тудырудың біртұтас құрылымы ретінде қызмет ететін өзара байланысты мәнерлі деңгейлерді – визуалды-кеңістіктік, нарративтік, монтаждық-ырғақтық және дыбыстық деңгейлерді қамтиды.

- Көркем киноның кинотілі ұлттық бірегейлікті репрезентациялау механизмі ретінде көрінеді, оның аясында көркемдік форма оны құрастыру және интерпретациялау қызметін атқарады. Оның мәнерлі шешімдері әлеуметтік-мәдени детерминанттармен шартталады және экрандық айтылымның тұрақты модельдерін қалыптастыратын режиссерлік тәсілдер жүйесінде жүзеге асады.

- Қазақстанның қазіргі көркем киносы кинотілінің трансформациясы заңды сипатқа ие және экрандық айтылым құрылымының жүйелі өзгерісін білдіреді. Ол әлеуметтік-мәдени, технологиялық және

институционалдық факторлардың өзара ықпалымен шартталып, нарративтік ұйымдасудың, кеңістіктік-уақыттық модельдің, темпоритмнің және аудиовизуалды композицияның қайта құрылуында көрініс табады.

- Семиотикалық-герменевтикалық талдау әлеуметтік шындық пен ұлттық бірегейлікті экрандық интерпретациялаудың әртүрлі модельдерін көрсететін және әлеуметтік-мәдени, технологиялық және институционалдық жағдайларға байланысты кинотілді ұйымдастырудың заңды түрде қайта өндірілетін модельдерін қалыптастыратын режиссерлік мәнерлі шешімдердің тұрақты типтерін анықтауға мүмкіндік береді.

- Кәсіби және нормативтік-құқықтық факторлар Қазақстанның қазіргі көркем киносының әртүрлі мәнерлі стратегияларының қайта өндірілуіне ықпал ететін кинотіл трансформациясының дербес механизмі ретінде әрекет етеді. Олардың ықпалы ұлттық кинопроизводство тәжірибесінде тұрақты болатын кинотілдік шешімдердің институционалдық іріктелуі мен орнығуында көрініс табады.

- Қазақстанның қазіргі көркем киносының даму перспективалары қолдау институттарын, кәсіби қайта өндіруді, индустриялық тепе-теңдікті және қоғамдық интерпретацияны келісімді дамытуға негізделген кинотілдің тұрақты трансформациясы моделін іске асырумен байланысты. Бұл жағдайда жаңа кинотілдік шешімдер бекіп, жекелеген тәжірибелерден ұлттық кинопроизводствоның тұрақты формаларына өтеді.

Зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық маңызы

Диссертацияның ғылыми-теориялық маңызы кинотілді көркем коммуникацияның динамикалық жүйесі ретінде түсінуді нақтылаумен және ұлттық киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени контекстіндегі кинотіл трансформациясын талдаудың әдіснамалық негіздерін дамытумен айқындалады. Зерттеу кинотілді мәнерлі құралдар жүйесі ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлікті, мәдени жадыны, әлеуметтік шындықты және кинематографтың қызмет етуінің институционалдық жағдайларын репрезентациялау механизмі ретінде қарастыру арқылы кинотанудың теориялық өрісін кеңейтеді.

Диссертацияның практикалық маңызы оның нәтижелерін режиссура және кинотану бойынша білім беру курстарында; режиссерлік мәнерлі шешімдерді талдау жөніндегі әдістемелік материалдарды әзірлеуде; ұлттық кино саласындағы сараптамалық-талдамалық қызметте; аудиовизуалды туындылардың режиссерлік тұжырымдамаларын әзірлеу тәжірибесінде пайдалану мүмкіндігімен анықталады. Алынған нәтижелер қазақстандық кинематографтың кәсіби және институционалдық ортасын жетілдіруде де қолданылуы мүмкін, өйткені зерттеу кинотілдің тұрақты дамуы жеке авторлық тәжірибелермен ғана емес, мемлекеттік қолдау жүйесімен, кәсіби қайта өндірумен, дистрибуциямен, көрермендік коммуникациямен және мәдени интерпретациямен де байланысты екенін көрсетеді.

Диссертация қазіргі Қазақстан көркем киносын көркемдік, әлеуметтік-мәдени, технологиялық және нормативтік-құқықтық факторлардың өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін аналитикалық

модель ұсынады. Ұсынылған қорытындылар мен ұсыныстар кино зерттеушілеріне, режиссура оқытушыларына, кинотанушыларға, режиссерлерге, продюсерлерге, мәдени саясат саласындағы сарапшыларға және ұлттық кинематографты дамытуға қатысатын мамандарға арналған.